**Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 3 ақпан N 118

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 шілдедегі N 1095 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасын одан әрі іске асыру мақсатында, "Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2001-2002 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2002 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 мамырдағы N 489 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Жыл сайын 1 ақпан мен 1 тамызға:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті - республикалық меншік бойынша;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері - коммуналдық меншік бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.05.31. N 538 қаулысымен .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Есімовке жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.03.20. N 357 , 2005.05.31 . N 538 қаулыларымен .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 118 қаулысымен бекітілген

**Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасы**

**Астана - 2003 жыл**

## 1. Бағдарламаның паспорты

| | |
|---|---|
| Бағдарламаның атауы | Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасы |
| Бағдарламаны әзірлеу үшін негіз | Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 шілдедегі N 1095 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасы |
| Бағдарламаның негізгі әзірлеушісі | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті |
| Бағдарламаның басты мақсаты | Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру |
| Бағдарламаның негізгі міндеттері | Мемлекеттік мүлікті басқару жүйесін жетілдіру және оның тиімді пайдаланылуын бақылауды күшейту |
| Бағдарламаны қаржыландыру көздері | Бағдарлама мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді |
| Бағдарламаны іске асыру мерзімі | 2003-2005 жылдар |

## 2. Кіріспе

Елдегі экономиканы тұрақтандыру жөніндегі шараларды қабылдау, Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарымен анықталған мақсаттар мен міндеттер мемлекеттік мүлікті басқару мен билік етудегі көзқарастарды одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 880 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2001-2002 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру барысында мемлекеттік мүлікті басқару мәселелері жөніндегі заңнамалық базаны жетілдіру жөнінде маңызды қадам жасалды: "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 мамырдағы Заңы қабылданды.

Мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша заң актілеріне өзгерістер енгізу, мемлекеттік меншік объектілерін басқару субъектілерінің өкілеттіктері шектерін белгілеу және оларды нақтылау басқарудың әртүрлі субъектілерінің мемлекеттік мүліктің объектілерін басқаруының одан әрі мақсаттарын, міндеттерін және әдістерін айқындау, жоғарыда көрсетілген Заңды іске асыру жөнінде бірқатар нормативтік құқықтық актілер әзірлеу қажеттігінің де алғы шарты болып табылады.

Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 шілдедегі N 1095 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасын одан әрі іске асыру мақсатында әзірленді.

Бағдарламада мынадай негізгі бағыттар бойынша:

мемлекеттік мүлікті басқару жүйесін жетілдіру;

мемлекеттік мүліктің тиімді пайдаланылуын бақылауды күшейту;

мемлекеттік меншіктің жекелеген объектілерін басқарудың стратегиясын қалыптастыру, экономиканың стратегиялық салаларын бақылау және олардың дамуын реттеу;

мемлекеттік мүлікті есепке алуды жетілдіру;

мемлекеттік мүлікті мемлекет мүддесіне сәйкес жекешелендіруді жүзеге асыру;

жекешелендіруге дейінгі бақылауды жетілдіру іс-шаралары кешенін жүзеге асыру көзделеді.

## 3. Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің қазіргі уақыттағы жай-күйін талдау

### 3.1. Мемлекеттік мүлікті басқарудың заңнамалық базасы

Мемлекеттік мүлікті басқаруды жетілдіру, Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасын іске асыру мақсатында "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 мамырдағы

Заңы (бұдан әрі - Заң) қабылданды.

Заңмен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне , "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңына , " Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңына , Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына , Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Негізгі өзгерістер мемлекеттік меншікті республикалық және коммуналдыққа бөлу есебімен біртұтас уәкілетті органның мемлекеттік меншікке қатысы бойынша мемлекеттік меншік құқығының субъектісі ретінде айқындау қажеттілігіне байланысты .

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына (бұдан әрі - "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Жарлық) мемлекеттік меншікке құқығы бар субъектінің және мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік органның функцияларын шектеу бөлігінде өзгерістер енгізілді; өкілеттіктерін кеңейту арқылы мемлекеттік басқару органдарының тарапынан мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды күшейтуге бағытталған толықтырулар, сондай-ақ жауапкершілікті нығайту мақсатымен мемлекеттік кәсіпорындар басшыларына қатаң талаптар қоюға бағытталған толықтырулар енгізілді.

Заң қабылданғанға дейін қолданыста болған мемлекеттік кәсіпорындарға негізгі қаражаттар және заңды тұлғалардың жарғылық капиталының үлесі түрінде оларға бекітілген мүлікті шеттету құқығы, сондай-ақ өзінің қалауынша осы мүлікті өткізуден түскен ақшалай қаражатты пайдалану мүмкіндігі меншіктенуші ретінде мемлекет мүддесіне нұқсан келтірді және мемлекеттік мүлікті бақылаусыз шеттету процесіне әкеп соқтырды. Заңға сәйкес негізгі қаражатқа қатысты мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкі тек мемлекеттік мүлікке билік ететін уәкілетті мемлекеттік органның шешімі негізінде, ал жекелеген жағдайларда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша сатылатын болады. Бұл ретте, осы мүлікті жекешелендіруден түскен қаражат мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы " Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңына өзгеріс мемлекеттік кәсіпорындардың жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталының қатысуына жол бермеуді енгізу қажеттігіне негізделген.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңына енгізілген негізгі өзгерістер мен толықтырулар:

мемлекеттік мекемелерге қоғамның құрылтайшылары немесе қатысушылары (

акционерлері) ретінде қатысуына жол бермеуді белгілеу;

"Алтын акция" иегерінің құқығын кеңейту және бекіту: "алтын акцияны" иелену шарты кезінде мемлекет үшін қосымша бақылау тәсілі болып табылатын акционерлік қоғамның жалпы жиналысы, басқарма және директорлар кеңесінің шешіміне тыйым салу, соның ішінде "алтын акциямен" куәландырылған тыйым салу құқығының қабылданған өзгерістеріне сәйкес болғандықтан жекешелендіруге дейін мүмкіндік беруге жатпайды;

акцияның бақылау пакеті ұлттық компанияларды қоспағанда, мемлекетке тиесілі қоғамның директорлар кеңесінің қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің орта мерзімдік және ағымдағы (жылдық) жоспарларын міндетті бекітуін қарау;

көрсетілген акцияларды иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органға акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтердің болжамдалған мөлшерінің көрсеткішін белгіленген мерзімдерде беру міндетін қоғамның атқарушы органына бекіту;

директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді қарау кезінде тәуелсіз сарапшыларды, консультанттарды тарту құқығын директорлар кеңесінің мүшелеріне беру.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығына (бұдан әрі - "Жекешелендіру туралы" Жарлық) жекешелендіру процестерін жетілдіру мақсатында Заңмен әлемдік тәжірибеде қабылданған қосымша сауда түрлері: екі кезеңдік рәсімдер жолымен конкурс (бұдан әрі - конкурс), бағалы қағаздарды сату енгізілді.

Конкурс білікті қаржы кеңесшісінің қатысуымен екі кезеңде өтетін болады және әлеуетті сатып алушылар (инвесторлар) арасында бәсекелестік белгілеуге қабілетті болғандықтан ірі стратегиялық маңызды объектілерді жекешелендірудің неғұрлым қолайлы тәсілі болып табылады. Сауданың осы түрі инвесторлармен келіссөздер өткізу барысында объектілердің бұрын ұсынылған сату шартын жақсартуға және сапа негізінде жеңімпазды таңдауды жүзеге асыруға жол береді.

Туынды бағалы қағаздарды жүзеге асыру:

әлеуетті инвесторлар шеңберін кеңейтуге;

капиталдың халықаралық рыногында қазақстандық компаниялардың имиджін көтеруге бағытталған.

Бұдан басқа, туынды бағалы қағаздарды орналастыру кезінде компаниядан талап етілетін шарттар олардың қызметінің айқындылығын, демек инвесторлардың қатерін барынша азайту деңгейін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Осыған байланысты, бұрын қолданылған "Жекешелендіру туралы" Жарлықтың мемлекеттік меншіктің объектілерін сату тәртібі туралы ережелері биржа саудасын ұйымдастыру және өткізу ерекшелігін, мемлекетке жататын бағалы қағаздарды қор биржасында сату жөнінде "Жекешелендіру туралы" Жарлықтың нормасын көрсетпеді,

жеке бапта толықтырылды және бөліп көрсетілді.

Мемлекеттік меншік объектілерін сатып алушылардың міндеттемелерді орындауын бақылаудың тиімділігін көтеру мақсатында "Жекешелендіру туралы" Жарлыққа сатып алу-сату келісімдерінің шарттарына сәйкес сатып алушылар өзіне алған орындауға тиісті міндеттемелерді қамтамасыз етуге бағытталған өзгеріс қабылданды.

Мемлекеттік мүлікті тиімді басқарудың басты тұтқасының бірі көкейтесті құқықтық базаның болуы болып табылатыны сөзсіз. Қолданыстағы заңдардың талаптарына сәйкес мемлекеттік мүлікті (республикалық та, коммуналдық та меншік бойынша) басқару және билік ету мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге тексеру жүргізу мемлекеттік меншікті басқару саласында бірінші деңгейдегі міндет болып табылады.

## 3.2. Мемлекеттік кәсіпорындарды басқару

2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жалпы саны 451 кәсіпорынды, соның ішінде шаруашылық жүргізу құқығындағысы - 165 кәсіпорынды, жедел басқару құқығындағысы - 286 кәсіпорынды құрады. Осы күнге коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жалпы саны 5 380 кәсіпорынды, олардың шаруашылық жүргізу құқығындағысы 998 және жедел басқару құқығындағысы - 4382 кәсіпорынды құрады.

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Жарлыққа сәйкес аталған мемлекеттік кәсіпорындар тізбесін: республикалық мемлекеттік кәсіпорындар бойынша - Қазақстан Республикасының Үкіметі, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар бойынша - жергілікті атқарушы органдар бекітеді.

Мемлекеттік бюджетке таза табыс бөлігінің түсімдері бойынша деректер 2000 жылдан бастап 2002 жыл кезеңіне былайша көрініс табады:

| Кезеңі | Мемлекеттік бюджетке мемлекеттік кәсіпорындардың таза табыс бөлігінің түсуі, мың теңге | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | | Республикалық бюджет | | Жергілікті бюджеттер | |
| | Жоспар | Факті | Жоспар | Факті | Жоспар | Факті |
| 2000 ж. | 55 700 | 67 775 | 55 700 | 55 098 | - | 12 677 |
| 2001 ж. | 452 063 | 382 703 | 390 645 | 331 231 | 61 418 | 51 472 |
| 2002 ж. | 528 078 | 636 934 | 500 895 | 576 706 | 27 183 | 60 228 |

Жоғарыда келтірілген көрсеткіштерден мемлекеттік кәсіпорындарды басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған бағдарламалық іс-шараларды іске асыру

қорытындысында мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бөлігі мемлекеттік бюджетке түсімдердің неғұрлым артқаны көрінеді. 2001 жылы мемлекеттік кәсіпорындардың таза табыс бөлігінен бюджетке аударымдар мөлшері 2000 жылмен салыстырғанда 68 млн. теңгеден 383 млн. теңгеге дейін - 6 есеге дейін артты. 2002 жылға мемлекеттік кәсіпорындардың таза табыс бөлігінен мемлекеттік бюджетке 528 млн. теңге мөлшерінде аударымдар көзделді, 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша таза табыс бөлімнен бюджетке аударымдар сомасы 637 млн. теңгені құрады, ол жылдық жоспардың 121 %-ын құрады.

2001 жылдың қорытындылары бойынша 102 республикалық мемлекеттік кәсіпорын 20 944 млн. теңге сомасында таза табыс алды. Бұл ретте, 2002 жылы республикалық бюджеттің табысына республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінің 576,7 млн. теңге сомасында аударымы түсті. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардан алынатын таза табысының үлкен бөлігін (86,8%) үш республикалық мемлекеттік кәсіпорын құрайтынын атап айту қажет: ұлттық компаниялар болып табылатын "Қазақстан темір жолы" РМК (74% немесе 15 524 млн. теңге), " Қазәуенавигация" РМК (7,7% немесе 1 615 млн. теңге) және "Ақтау теңіз сауда порты" РМК (5% немесе 1 045 млн. теңге). Солармен бірге, "Қазақстан темір жолы" РМК, " Ақтау теңіз сауда порты" РМК ұлттық компаниялары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес таза табысы бөлігінде республикалық бюджетке аударымдардан босатылады. Бұдан басқа, 36 республикалық мемлекеттік кәсіпорын 2001 жылғы қорытынды бойынша 16 271 млн. теңге сомасында залал келтірген.

2001 жылғы қорытынды бойынша 405 коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын 1 183 млн. теңге сомасында таза табыс алды, бұл ретте 2002 жылы жергілікті бюджеттерге коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінің 60,2 млн. теңге сомасында немесе 2001 жылы олар алған таза табыс сомасынан 1,3% сомасында түсімдер түсті. 698 кәсіпорын 2 420 млн. теңге сомасында залал келтірді.

Мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінен мемлекеттік бюджетке түсімдердің артуының жалпы деңгейіне қарамастан, мемлекеттік кәсіпорындардың пайдасынан түсімдер олар алатын таза табыспен салыстырғанда әлі күнге ескерусіз қалып келеді. Бұдан басқа, мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары тарапынан қажетті бақылаудың болмауынан, бөлшегінің тиімсіз басқаруға байланысты болуынан коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың көпшілігі залалды болып табылады. Жақын кезеңде залалды және табысы төмен деңгейдегі мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекет ұстанымын нақты белгілеу: мемлекет мүддесін және оған жүктелген міндеттерді ескере отырып мемлекеттік кәсіпорындар мәртебесінде болуының орындылығын айқындау, заңды тұлғалардың өзге де ұйымдастыру-құқықтық нысанын қайта құру және тарату мүмкіндігін қарау қажет. Сонымен бірге, кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне мемлекеттік басқару органдарының тарапынан

бақылауды күшейту, олардың қаржылай жай-күйіне мемлекеттік кәсіпорындар басшыларының жауапкершілігін нығайту ескертеді.

### 3.3. Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғаларды басқару

2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 499 акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (бұдан әрі - серіктестік), оның республикалық меншіктегісі - 219 акционерлік қоғам мен серіктестік, коммуналдық меншіктегісі - 280 акционерлік қоғам мен серіктестік акцияларының пакеттері мен қатысуының үлестері мемлекеттік меншікте болып табылды.

Мемлекеттік бюджетке акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің түсуі бойынша деректер 2000 жылдан бастап 2002 жылда кезеңіне былайша көрініс табады:

| Кезеңі | Мемлекеттік меншік болып табылатын акциялардың пакеттеріне дивидендтердің түсуі, мың теңге | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | | Республикалық бюджет | | Жергілікті бюджеттер | |
| | Жоспар | Факті | Жоспар | Факті | Жоспар | Факті |
| 2000 ж. | 1 278 536 | 1 251 893 | 1 142 200 | 1 169 485 | 136 336 | 82 408 |
| 2001 ж. | 5 929 368 | 6 062 629 | 5 859 889 | 6 006 545 | 69 479 | 56 084 |
| 2002 ж. | 5 849 833 | 6 909 943 | 5 800 000 | 6 787 339 | 49 833 | 122 604 |

Келтірілген көрсеткіштерден 2001 жылы акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің түсуі өткен жылмен салыстырғанда неғұрлым артқаны (5 млрд. теңгеге дейін) көрінеді. Осы қорытындының республикалық меншік болып табылатын акциялардың пакеттеріне дивидендтердің түсуінің артуына байланысты екенін, жергілікті бюджетке коммуналдық меншік болып табылатын акциялардың пакеттеріне дивидендтердің түсу сомасы 32%-ға төмендегенін атап айту қажет. 2002 жылы акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің мемлекеттік бюджетке түсуі 5 850 млн. теңге мөлшерінде көзделген, 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осы көрсеткіштер бойынша түсімдер сомасы 6 910 млн. теңгені немесе жылдық жоспардың 118%-ын құрады. Бұл ретте, акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер түсуінің жалпы сомасындағы елеулі үлесті "ҚазМұнайГаз" ҰК" ЖАҚ (100% АМП) - 25% немесе 1 742,5 млн. теңге, "CNPC-Ақтөбемұнайгаз" ААҚ (25,2% АМП) - 21% немесе 1 440,8 млн. теңге және "Қазақмыс" корпорациясы" ААҚ-дай (24,65% АМП) - 18% немесе 1 260,1 млн. теңге, осындай ірі өндірістік компаниялардың үлесі құрайды.

2001 жылдың қорытындысы бойынша акциялардың мемлекеттік пакеті (қатысудың үлесі) республикалық меншікте болып табылатын 85 акционерлік қоғам (серіктестік) 52

433 млн. теңге сомасында таза табыс алды, бұл ретте 2002 жылы республикалық бюджеттің кірісіне 2001 жылы олар алған таза табыстың сомасынан 13%-ды құрайтын 6 787 млн. теңге сомасында акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер аударылды . Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар 67 акционерлік қоғам (серіктестік) 16 080 млн. теңге сомасында залал келтірді.

2001 жылдың қорытындысы бойынша акциялардың мемлекеттік пакеті (қатысудың үлесі) коммуналдық меншікте болып табылатын 74 акционерлік қоғам (серіктестік) 871,1 млн. теңге сомасында таза табыс алды, бұл ретте 2002 жылы жергілікті бюджетке 122,6 млн. теңге немесе 2001 жылы алынған таза табыстың сомасынан 14% сомасында акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер аударылды. Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар 163 акционерлік қоғам (серіктестік) 3 521 млн. теңге сомасында залал келтірді.

Жоғарыда келтірілген қорытындылар акциялардың мемлекеттік пакеті (қатысудың үлесі) акциялардың осы пакеттеріне (қатысудың үлестеріне) иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар (министрліктер, ведомстволар, агенттіктер, өзге де осыған уәкілетті орталық мемлекеттік органдар) тарапынан республикалық меншікте болып табылатын акционерлік қоғамдардың ( серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындыларына тиімді бақылаудың жеткіліксіздігі және қарауында коммуналдық меншіктің акциялар пакеті ( қатысудың үлесі) бар жергілікті атқарушы органдар тарапынан бақылау мен жоспарлауды ұйымдастырудың төмендігі туралы куәландырады.

### 3.3.1. Ұлттық компанияларды басқару ерекшеліктері

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ұлттық компаниялардың саны 13 заңды тұлғаны, оның 11-і акционерлік қоғамды, 2-і республикалық мемлекеттік кәсіпорынды құрайды.

Ұлттық компаниялар ұлттық экономика негізін құрайтын стратегиялық маңызды салаларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылады.

Осыған байланысты, ұлттық компанияларға акционерлік қоғамдар ретінде және де мемлекеттік кәсіпорындар жатады, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы (бұдан әрі - "Акционерлік қоғамдар туралы" Заң) және Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығы олардың қызметін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілер болып табылады.

Ұлттық компаниялар жыл сайын сырғымалы негізде үш жыл мерзімге өзінің даму жоспарын (бұдан әрі - Даму жоспары) әзірлейді. Даму жоспары Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарына ұлттық компаниялар дамуының негізгі бағыттарын енгізу мен негізгі көрсеткіштерін болжауды көздейтін индикативті жоспарлаудың қолданылып жүрген жүйесі шеңберінде әзірленеді. Даму жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ұлттық компаниялардың қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметінің:

"Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың ( ұлттық компаниялардың) қызметін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 ;

ұлттық компаниялардың әкімшілік шығындарын оңтайландыру мәселелеріне қатысты - "Акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың ( ұлттық компаниялардың) кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 22 тамыздағы N 1098 қаулылары қабылданды.

"Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 тамыздағы N 1159 қаулысына сәйкес ұлттық компаниялардың акцияларының мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер есептеу Даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Дивидендтердің түпкілікті мөлшері акционерлердің жалпы жиналысында "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңға сәйкес бекітіледі.

2000 жылдың қорытындысы бойынша 10 ұлттық компания 45 794 млн. теңге сомасында таза табыс алды, 4 ұлттық компания 9 031 млн. теңге сомасында залал келтірді.

Республикалық бюджетке 2001 жылы акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер тек үш ұлттық компаниядан: "МЖЗҚ" ЖАҚ, "Қазтрансойл" ЖАҚ және " Қазәуенавигация" РМК-ы 719,5 млн. теңге аударды, қалған ұлттық компаниялар республикалық бюджетке дивидендтер (таза табыстың бөлігін) аудармады (қаражат өндірісті дамытуға, жағымсыз қаржы қорытындысынан залалдар мен кредиттерді өтеуге жіберілді).

2001 жылдың қорытындысы бойынша 12 ұлттық компания 36 698 млн. теңге сомасында таза табыс алды, 2 ұлттық компания 11 476 млн. теңге сомасында, соның ішінде "Қазақойл" ҰМК" ЖАҚ 11 050 млн. теңге сомасында залал келтірді.

Жекелеген ұлттық компаниялардың, өз кезегінде, өзінің еншілес ұйымдары болатын еншілес ұйымдар бар екенін атап өту маңызды. Нәтижесінде үйлестіру функциялары мен жалпы басқаруды бас компаниялар жүзеге асыратын сатылас интеграциялаумен холдингтер құрылады. Бұл ретте, акционер ретіндегі мемлекеттің қолында осы кезеңде холдинг ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы толық ақпарат болмады.

Бүгінгі таңдағы проблемалары:

холдингтердегі толықтай қаржы-шаруашылық қызметінің айқындылық деңгейінің жетіспеушілігі;

ұлттық компаниялардан республикалық бюджетке түсетін акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің сомасы олар алатын таза табыспен

салыстырғанда мардымсыз;

ұлттық компаниялардың инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру көздері мен мөлшерін, оларды іске асыру мониторингінің жүзеге асыру тетігін айқындау жөнінде өлшемі жоқ.

### 3.4. Мемлекеттік мүлікті есепке алу

Мемлекеттік мүлікті есепке алу мақсаты мемлекеттік мүдделер есебімен оны пайдалану жөнінде негізделген шешімдер қабылдау мақсатымен мемлекеттік мүліктің мониторингі үшін жағдай жасауда мемлекеттік меншік объектілерінің сақталуын және жай-күйін бақылауды қамтамасыз етумен аяқталады.

"Ақпарат алмасуды қамтамасыз ету және мемлекеттік меншік жөніндегі деректердің ақпараттық базасын жүргізу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы N 246 қаулысына сәйкес мемлекеттік мүлікті есепке алу Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың тізілімін (бұдан әрі - Тізілім) жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Тізілім мемлекеттік кәсіпорындарды, мемлекеттік мекемелерді және жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру, тарату және қайта тіркеу, сондай-ақ ауыртпалықтардың (кепіл, басқармаға беру) болуы, мемлекеттің қатысу үлесінің өзгеруі процесін жаңартуға жол береді.

Тізілім құрылымы мемлекеттік меншікті басқару саласындағы айқындалатын мақсаттар мен міндеттерге сәйкес оңтайландырылады.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы N 246 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 мамырдағы N 580 қаулысымен мемлекеттік органдардың тиісті шешімдерді қабылдауына байланысты мемлекеттік кәсіпорындардың, жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың қызметін бақылау мен мониторингі үшін қажетті әртүрлі көрсеткіштер енгізетін Тізілімнің қосымша кіші бөлімін толықтыру және кезеңдік жаңарту үшін деректерді беруге жауапты субъектілер айқындалған.

Мемлекеттік мүлікті есепке алу жүйесінде мынадай проблемалар бар:

Тізілімнің қосымша кіші бөлімінің есебін жүргізуді іске асыру тетігі кейінге қалдырылмаған;

республикалық және коммуналдық меншіктің мемлекеттік мүлікті есепке алу жөніндегі уәкілетті органдары арасында өзара іс-әрекет тәртібі нақты пысықталмаған.

### 3.5. Экономиканы дамытудың қазіргі уақыттағы сатысында мемлекеттік мүлікті жекешелендіру

Мемлекет иелігінен айыру және республика мемлекеттік меншікті жекешелендіру бағдарламаларын орындау барысында елдің экономикасында басымдық жағдай осы сатыда үлесі жалпы ішкі өнімде (ЖІӨ): өнеркәсіпте - 80-85%-ын, ауыл шаруашылығында - 99%-ын, құрылыста - 40-45%-ын, саудада - 96%-ын құрайтын жеке

сектор алды.

2001 жылдан бастап 2002 жылдар кезеңіне арналған акционерлік қоғамдардың (АҚ) акцияларының мемлекеттік пакеттерін, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге (ЖШС) қатысудың мемлекеттік үлестерін сату жөніндегі толықтай деректер мынадай үлгіде берілді:

| Сала | АҚ (ЖШС) акцияларының мемлекеттік пакеттерін (қатысудың мемлекеттік үлестерін) жекешелендіру | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2001 ж. | | 2002 жылғы | |
| | бірлік | қорытындысына %-бен | бірлік | қорытындысына %-бен |
| Өнеркәсіп | 39 | 27 | 22 | 33 |
| Құрылыс | 10 | 7 | 3 | 4 |
| Ауыл шаруашылығы | 25 | 17 | 8 | 12 |
| Көлік және байланыс | 13 | 9 | 15 | 22 |
| Тұрмыстық бұйымдарды сату және жөндеу | 11 | 8 | 3 | 4 |
| Қаржылық қызмет | 4 | 3 | 1 | 1 |
| Денсаулық сақтау | 12 | 8 | 4 | 6 |
| Басқалар | 32 | 22 | 11 | 16 |
| Жиыны: | 146 | 100 | 67 | 100 |

Келтірілген кестеде көрсетілгендей 2001 жылы АҚ (ЖШС) 146 акцияларының мемлекеттік пакеті (мемлекеттік қатысу үлесі бар) сатылды, 2002 жыл үшін АҚ-ның (ЖШС) 67 акцияларының мемлекеттік пакеті (мемлекеттік қатысу үлесі бар) сатылды.

Сол сияқты 2001 жылы 2 059 мүліктік кешен, жылжымайтын мүлік объектілері, аяқталмаған құрылыс, көліктер, жабдықтар және басқа да мүліктер, 2002 жылы - осы объектілердің санаттарына жатқызылғанның 1756-сы жекешелендірілді.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіруден мемлекеттік бюджетке түскен түсімдер 16,6 млрд. теңгені, 2002 жылғы қаңтар-маусым үшін 19,3 млрд. теңгені құрады. Республикалық және коммуналдық меншікті (мемлекеттік меншік) жекешелендіруден түскен түсімдер бойынша мәліметтер мынадай түрде көрінеді:

| Кезеңі | Мемлекеттік меншікті жекешелендіруден |
|---|---|

| | түскен қаражаттың түсімдері, мың теңге | | |
|---|---|---|---|
| | Барлығы | Республикалық бюджет | Жергілікті бюджеттер |
| 2001 жыл | 16 583 079 | 15 430 756 | 1 152 323 |
| 2002 жыл | 19 340 182 | 18 754 477 | 585 705 |

2002 жылдан бастап "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қабылданған өзгерістерге сәйкес жекешелендіруден түскен түсім бюджеттің тапшылығын (профициттің пайдаланылуы) қаржыландыру көзі ретінде қаралады. Республикалық меншік объектілерінің жекешелендіру көлемдерін қалыптастыру мемлекеттік активтерді басқару нәтижелерімен, жаңа қарыз алу көлемдерімен және мемлекеттің қолда бар борыштық міндеттемелерімен үйлесімді болады.

Жекешелендіру саласында 2003-2005 жылдары шешу қажет негізгі міндеттер:

мемлекеттің стратегиялық мүдделеріне байланысты жекешелендірудің тиімді тәсілдерін қолдану арқылы әлеуетті инвесторлар ортасын кеңейту жолымен инвестициялар тарту;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру процестерінің айқындылығын және бәсекелестігін қамтамасыз ету болып табылады.

### 3.6. Жекешелендіруден кейінгі бақылау

2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жекешелендіруден кейінгі бақылауға 330 мемлекеттік меншік объектісін сатып алу - сату шарты жатады.

Қабылданған шараларға қарамастан, жекешелендірудің алғашқы кезеңдерінде жасалған сатып алу-сату шарттарының жетілмегендігі, заңнама салаларындағы әртүрлі кемшіліктер сатып алушылардың жеке мүддесіне пайдаланылады, бұл оларға кейбір жағдайларда өз міндеттемелерін орындамаған және тиісінше орындамағаны үшін толық жауапкершіліктен құтылуға мүмкіндік береді.

Жаппай жекешелендіру кезеңінде сатылған неғұрлым ірі объектілер, сондай-ақ жеке жобалар бойынша жекешелендірмеген объектілер сатып алушылардың инвестициялық міндеттемелерді атқаруына тексеру жүргізу жекешелендіруден кейінгі бақылауды жетілдіру мақсатында тұрақты негізде экономика, заңтану, технология және басқа салалардағы білікті маман-сарапшыларды тарту қажеттілігіне себепші болды. Осы міндет консалтингтік ұйымдарды тарту тетігі арқылы іске асырылды.

Консалтингтік ұйымдарды қолданылып жүрген заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес тендер жүргізу жолымен мемлекеттік уәкілетті органы тартады.

Уәкілетті органмен жасасқан шарттың негізінде консалтингтік ұйым сатып алушылардың шарттық міндеттемелерін орындауға бағалау жүргізеді, уәкілетті органға инвесторлармен (сатып алушылармен) одан әрі өзара қарым-қатынастар бойынша

нұсқаулар береді. Консалтингтік ұйымның есебін шарттық міндеттемелердің орындалуын бақылау үшін құрылған ведомствоаралық комиссия қарайды. Ведомствоаралық комиссияның шешімі уәкілетті органның орындауы үшін міндетті. 2001 жылдың басынан бастап ведомствоаралық комиссияның 23 отырысы өткен, олардың қорытындысы бойынша 74 сатып алу-сату шарты аяқталған болып танылды, 17 шарт бойынша қосымша келісімдер жасалды.

Жекешелендірілген объектілерді сатып алу-сату шарттары ережелерінің орындалуына бақылауды жүзеге асыру үшін консалтингтік ұйымдарды тарту тәжірибесі жекешелендіруден кейінгі бақылаудың осы тәсілінің орындылығын және тиімділігін, оны одан әрі қолдану қажеттілігін көрсетті.

Экономиканың (мұнай-газ, кен-металлургия, көлік-коммуникация, энергетика, машина жасау) стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарға бақылауды нығайту мақсатында "Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарды басқару тиімділігінің мониторингі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 мамырдағы N 491 қаулысы қабылданды.

Сол уақытта жекешелендіруден кейінгі бақылаудың қазіргі жүйесінде мынадай проблемалар бар:

экономиканың стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарды басқару тиімділігінің мемлекеттік мониторингін заңнамалық қамтамасыз ету жоқ;

мүдделі мемлекеттік органдар олардың қызметін жақсарту жөнінде негізделген шешімдер қабылдау үшін мониторинг объектілері істерінің жағдайы туралы қажетті ақпаратты білмейді.

Жекешелендірілген кәсіпорындарды басқару тиімділігін мемлекеттік қадағалаудың заңнамалық негіздерінің болмауы мемлекет тарапынан мониторинг объектілерін бақылау дәрежесі мен мүмкіндіктерінде жағымсыз байқалады. Жекешелендірілген кәсіпорындардың қызметі жиі еңбек, табиғатты қорғау заңнамасының нормалары мен ережелері тиісінше сақталмай жүзеге асырылады, негізгі қорлар жаңартылмайды, озыңқы технологиялар енгізілмейді.

Өткен 10 жылда республикада 80%-дан астам өндірістік қуаттар жекешелендірілген . 1996-1998 жылдар ішінде мұнай өндіретін, энергетикалық, металлургиялық және көлік-коммуникациялық, кен өндіру салаларындағы 94 ірі кәсіпорынды жекешелендіру жүргізілген. Шетелдік инвесторлар шамамен 90 өнеркәсіптік объектілердің мүліктік кешендері мен акционерлік қоғамдар акцияларының бақылау пакеттерін сатып алған. Бұл ретте жекешелендіру процестері рыноктық қатынастардың бір уақытта орнығуымен, сондай-ақ елдің нормативтік құқықтық базасының қалыптасуымен орын алған.

Республика құрылғаннан бергі жылдары жасалған жұмыстарды қорытындылау жүргізу оның тиімділігін арттыру мақсатында жекешелендіруден кейінгі құқықтық

қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Экономиканың басты салаларында әрекет ететін жекешелендірілген кәсіпорындардың қызметі туралы толық және шынайы ақпараттың болмауы, сол сияқты тұтастай алғанда стратегиялық салалардың тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ететін негізделген шешімдер қабылдауға әрекет етпейтін жағымсыз фактор болады.

## 4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық дамуының жоспарын және Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасын іске асыру үшін мемлекеттік меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясат мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру;

мемлекеттік мүлікті тиімді пайдалану есебінен республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістерін арттыру;

мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалар қызметінің қаржы-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту;

белгілі бір салаларға және нақты кәсіпорындарға қатысты мемлекеттің стратегиялық мүдделеріне байланысты мемлекеттік меншіктің құрылымын оңтайландыру.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

